

**МКҚК №20 «Дидар» балабақшасының
қамқоршылық кеңесі отырысының № 4 хаттамасы**

Өткізілген күні: 14.05.2026 жыл

Қатысқаны: 8 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жазғы сауықтыру шараларын ұйымдастыру
2. Жаңа оқу жылына дайындық бойынша жөндеу жұмыстарын жоспарлау.
- 3 . Оқу жылын қорытындылау.

Ағымдағы сұрақтар

Тыңдалды:әдіскер- Жанзакова Ж.Х.

Жазғы сауықтыру шаралары балалардың денсаулығын нығайту, жаз мезгілінде таза ауада белсенді қимыл-әрекеттерін арттыру, эмоционалдық күйін көтеру, денсаулық сақтау дағдыларын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылады.

Жазғы сауықтыру кезеңі:Маусым – Шілде – Тамыз айларында өткізіледі.

Негізгі бағыттары: Денсаулық сақтау шаралары (таңертеңгілік жаттығу, серуендер мен қозғалмалы ойындар,ашық ауада сабақтар, дене шынықтыру элементтері өткізу.

Салауатты өмір салтын насихаттау байынша : "Денсаулық күні" апталығы, спорттық эстафеталар, жарыстар,"Біз таза өмір үшін!" сурет байқауы,гигиена туралы әңгімелер айту.

Ойын және шығармашылық белсенділік бойынша:күммен, сумен ойындар ашық аспан астында ертегі оқу, қойылымдар, табиғи материалдармен қолөнер (тастар, жапырақтар),балалар шығармашылығы көрмесін ұйымдастыру.

Экологиялық тәрбие бойынша: гүл егу, суару,табиғат бұрышын ұйымдастыру, құстар мен жәндіктерді бақылау.

Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар бойынша:отбасылық спорт күні,сенбіліктер кеңес беру, ескертпелер (күннен қорғану, жазғы киім,күн тәртібі)ұйымдастыру.

Тыңдалды: меңгеруші -Туребаева Д.Т.

Балабақшада 2025–2026 оқу жылына дейін мекеме ішіндегі және сыртындағы материалдық-техникалық базаны жаңарту, санитарлық-гигиеналық жағдайды жақсарту, қауіпсіздік шараларын талаптарына сай келтіру мақсатында жөндеу жұмыстары жоспарланып отыр.

Топ бөлмелерінде еденді жаңарту,линолеум төсеу,терезе, есіктердің тұтқаларын, әйнектерін тексеру, ауыстыру,ішкі қабырғаларды әктеу, сырлау,жиһаздарды жөндеу (үстел, орындық, шкафтар) ,электр желілерін тексеріп,ескілерін жаңартып орнату. Санитарлық тораптар бойынша сантехникалық құрылғыларды тексеру (унитаз, кран, жуынатын орын), ас үй плиткасын жөндеу немесе ауыстыру, желдету жүйесін ретке келтіру, ас дайындау бөлмесіндегі құрал-жабдықтарды ретке келтіру бойынша айтылды.

Балабақша аумағын (ауланы абаттандыру),ойын алаңдарын тексеру және жөндеу,

кұмды ауыстыру, металл құрылғыларды сырлау (баспалдақтар), көгалдандыру (гүлдер, ағаш отырғызу, суару жүйесін жасау), қауіпті аймақтарды қоршау керектігі айтылды.

Тыңдалды: әдіскер- Жанзакова Ж.Х.

- Жыл бойы бекітілген оқу-тәрбие жоспары толық орындалды
- Білім беру салалары бойынша (коммуникация, таным, шығармашылық, денсаулық, әлеуметтік орта) сабақтар жүйелі өткізілді
- Ашық сабақтар, мерекелік іс-шаралар, көрмелер ұйымдастырылды

2. Балалардың даму деңгейінің қорытындысы:

- Танымдық, сөйлеу, шығармашылық, қимыл-қозғалыс қабілеттерінде оң динамика байқалды.
- Психолог, әдіскер тарапынан диагностикалық жұмыстар жүргізілді
- Мектепалды даярлық тобы балалары мектепке баруға психологиялық, әлеуметтік, интеллектуалдық тұрғыдан дайын екендігі анықталды

3. Ата-аналармен жұмыс қорытындысы:

- Ата-аналар жиналыстары, ашық есік күндері, кеңестер, тренингтер ұйымдастырылды
- Ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуы артты.
- Тәрбие мен оқыту процесіне серіктестік қарым-қатынас орнады.

Шешімі:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру жоспары бекітілсін.
2. Жаңа оқу жылына дайындық аясында жөндеу жұмыстары жүргізілсін.
3. 2025-2026 оқу жылының қорытынды есебі қанағаттанарлық деп қабылдансын

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы :  Буркитова Г.М

Хатшы:



Атағалиева Н.Ж